

"Азаматтардың жекелеген санаттарына жеке тұрғын үй салу үшін сүректі түбірімен босату тәртібін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 381 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 208 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 тамызда № 6466 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтардың жекелеген санаттарына жеке тұрғын үй салу үшін сүректі түбірімен босату тәртібін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 381 қаулысының (2017 жылғы 17 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4332 болып тіркелді) күші жойылды деп танылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К. Аксакалов